

Уақытша әкелу (жіберу) кедендік рәсімін қолданудың кейбір мәселелері туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2024 жылғы 22 сәуірдегі № 54 шешімі.

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 219-бабының 3-тармағына, 221-бабының 2-тармағына, 222-бабының 7-тармағына және 226-бабының 3-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссияның кеңесі **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Уақытша әкелу (жіберу) кедендік рәсіміне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында уақытша болуға және пайдалануға кедендік әкелу баждарын, салықтарын (осындай уақытша болу және пайдалану шарттары мен шекті мерзімдерін қоса алғанда) төлемей жіберілетін тауарлар санаттарының, және уақытша әкелу (жіберу) кедендік рәсімінің қолданылу мерзімін 2 жылға қарағанда неғұрлым қысқа немесе ұзағырақ болып табылатын тауарлар санаттарының тізбесі бекітілсін.

2. Осы шешім күшіне енгенге дейін уақытша әкелу (жіберу) кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға қатысты, көрсетілген кедендік рәсімі кедендік баждарды, салықтарды (кедендік баждарды, салықтарды төлемей уақытша болу және пайдалану) төлеуден толық шартты түрде босатудың шекті мерзімдері мен шарттарын негізге ала отырып қолданылады және аяқталады деп, сондай-ақ осы шешім күшіне енгенге дейін осы мәселелерді реттейтін Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссияның тиісті актілерімен осындай тауарларға қатысты айқындалған уақытша әкелу мерзімдері (уақытша әкелу (жіберу) кедендік рәсімінің қолданылу мерзімдері) белгіленсін.

3. Уақытша әкелінген азаматтық жолаушылар ұшақтарын ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсіміне орналастырған кезде Еуразиялық экономикалық одағы Кеден кодексінің 226-бабы 3-тармағының бірінші және екінші абзацтарында көзделген пайыздар есептелмейді және төленбейді деп белгіленсін.

4. Қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Кеден одағы комиссиясының, Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің және Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің мүшелері:

Армения Республикасынан М. Григорян	Беларусь Республикасынан И. Петришенко	Қазақстан Республикасынан С. Жұманғарин	Қырғыз Республикасынан А. Касымалиев	Ресей Федерациясынан А. Оверчук
---	--	---	--	---------------------------------------

Еуразиялық экономикалық
комиссия кеңесінің
2024 жылғы 22 сәуірдегі
№ 54 шешіміне
ҚОСЫМША

Күші жойылды деп танылған Кеден одағы комиссиясының, Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің және Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы шешімдерінің тізбесі

1. Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы "Кедендік баждарды, салықтарды төлеуден толық шартты түрде босатыла отырып, уақытша әкелінетін тауарлар тізбесін бекіту туралы, сондай-ақ оның шекті мерзімін қоса алғанда, осындай босатудың шарттары туралы" № 331 шешімі.

2. Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 16 шілдедегі "Тарифтік жеңілдіктерді қолдану, кедендік баждардан, салықтардан толық босату, сондай-ақ уақытша әкелу мерзімдерін ұзарту және азаматтық жолаушылар ұшақтарын әкелу кезінде жекелеген кедендік рәсімдерді қолдану туралы" № 328 шешімінің 2-4-тармақтары.

3. Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 17 тамыздағы "Кедендік баждарды, салықтарды төлеуден толық шартты түрде босатыла отырып, уақытша әкелінетін тауарлар тізбесіне толықтырулар енгізу туралы, сондай-ақ оның шекті мерзімін қоса алғанда, осындай босату шарттары туралы (Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 331 шешімімен бекітілген)" № 370 шешімі.

4. Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі "Кедендік рәсімдерді қолданудың жекелеген мәселелері туралы" №375 шешімінің 1-тармағының 10-тармақшасы.

5. Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 14 қазандағы № 476 "Халықаралық тасымалдар үшін пайдаланылатын уақытша әкелінген көлік құралдарын толық шартты түрде босату мерзімдері туралы және оларды ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастыру ерекшеліктері туралы" шешімі.

6. Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 541 "Азаматтық жолаушылар ұшақтарына қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеуден толық шартты түрде босатыла отырып, уақытша әкелінетін тауарлардың тізбесіне өзгерістер енгізу туралы" шешімі.

7. Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 19 мамырдағы № 660 "Мұнай өнімдерін экспорттау кезінде жинақтаушы ретінде пайдаланылатын кедендік баждарды

, салықтарды, соттарды төлеуден толық шартты түрде босата отырып, уақытша әкелінетін тауарлардың тізбесіне енгізу туралы" шешімі (КО СЭҚ ТН коды 8901).

8. Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 19 мамырдағы № 662 "Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 331 шешімімен бекітілген Кедендік баждарды, салықтарды төлеуден толық шартты түрде босатыла отырып, уақытша әкелінетін тауарлардың тізбесіне толықтырулар енгізу және Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 375 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі.

9. Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 22 маусымдағы № 694 "Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін кедендік баждарды, салықтарды, қалқымалы немесе су астында жұмыс істейтін бұрғылау платформаларын төлеуден толық шартты түрде босата отырып, уақытша әкелінетін тауарлардың тізбесіне енгізу туралы" шешімі.

10. Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 22 маусымдағы № 695 "Уақытша әкелінетін теңіз паромдарына қатысты Кеден одағы комиссиясының шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" шешімі.

11. Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 23 қыркүйектегі № 793 "Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 331 шешіміне және Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 375 шешіміне толықтырулар енгізу туралы" шешімі.

12. Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2012 жылғы 24 мамырдағы № 50 "Кеден одағы комиссиясының 2009 жылғы 27 қарашадағы № 130, 2010 жылғы 16 шілдедегі № 328, 2010 жылғы 18 маусымдағы № 331 шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" шешімінің 3-тармағы.

13. Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2012 жылғы 16 тамыздағы № 124 "Уақытша әкелінетін мәдени құндылықтарға қатысты Кеден одағы комиссиясының жекелеген шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" шешімі.

14. Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының жекелеген шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 3-тармағы (Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешімімен бекітілген "Кеден одағының және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына және Кеден Одағының Бірыңғай кедендік тарифіне сәйкес келтіру туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2012 жылғы 16 тамыздағы № 125 шешіміне № 1-қосымша").

15. Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2012 жылғы 11 желтоқсандағы № 265 "Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына және Кеден одағының теңіз паромдарына қатысты бірыңғай кедендік тарифіне және Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 331 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі.

16. Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2013 жылғы 18 маусымдағы № 132 "2014 жылы Сочи қаласында XXII қысқы Олимпиадалық ойындарын және XI қысқы Паралимпиада ойындарын өткізу кезеңінде қалқымалы қонақүйлер ретінде пайдалану мақсатында Кеден одағының кедендік аумағына уақытша әкелінетін теңіз жолаушылар кемелеріне қатысты Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 331 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімі.

17. Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссияның жекелеген шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 3-тармағы ("Кеден одағы мен Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының жекелеген шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы және Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесі шешімінің жобасын мақұлдау туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2013 жылғы 25 маусымдағы № 140 шешіміне қосымша).

18. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 101 "Бос жаракталған аппараттың массасы 120 000 кг-нан асатын уақытша әкелінетін азаматтық жолаушылар ұшақтарына қатысты Кеден одағы комиссиясының жекелеген шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" шешімі.

19. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2014 жылғы 31 қаңтардағы № 6 "Азаматтық жолаушылар ұшақтарының жекелеген түрлеріне қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеуден толық шартты түрде босатыла отырып, уақытша әкелінетін тауарлардың тізбесіне өзгеріс енгізу туралы" шешімі.

20. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2014 жылғы 4 наурыздағы № 20 "Уақытша әкелінетін азаматтық жүк ұшақтарының жекелеген түрлеріне қатысты Кеден одағы комиссиясының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" шешімі.

21. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2014 жылғы 15 тамыздағы № 57 "Турбовинтті азаматтық жолаушылар ұшақтарының жекелеген түрлеріне қатысты Кеден одағы комиссиясының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" шешімінің 2-тармағы.

22. Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2015 жылғы 5 мамырдағы № 61 "Уақытша әкелудің шекті мерзімдері Кеден одағының Кеден кодексінде белгіленгеннен ұзағырақ болып белгіленетін тауарлар санаттарының тізбесіне өзгеріс енгізу туралы" шешімі.

23. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2015 жылғы 28 мамырдағы № 24 "Кедендік баждарды, салықтарды төлеуден толық шартты түрде босатыла отырып, уақытша әкелінетін тауарлардың тізбесіне өзгеріс енгізу туралы" шешімі.

24. Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 2-тармағы ("Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының өзгеруіне байланысты Кеден одағы комиссиясының, Еуразиялық экономикалық комиссияның және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу

туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 109 шешіміне № 1-қосымша).

25. Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2015 жылғы 15 қыркүйектегі № 116 "Уақытша әкелудің шекті мерзімдері Кеден одағының Кеден кодексінде белгіленгеннен ұзағырақ болып белгіленетін тауарлар санаттарының тізбесіне өзгеріс енгізу туралы" шешімі.

26. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2016 жылғы 18 қазандағы № 110 "Кедендік баждарды, салықтарды төлеуден толық шартты түрде босата отырып, уақытша әкелінетін тауарлардың тізбесіне өзгеріс енгізу туралы" шешімі.

27. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2016 жылғы 30 қарашадағы № 128 "Теңіз құбырын төсейтін кемелерге қатысты Кеден одағы комиссиясының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" шешімі.

28. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2016 жылғы 30 қарашадағы № 138 "Уақытша әкелінетін турбовинтті азаматтық жолаушылар ұшақтарының жекелеген түрлеріне қатысты Кеден одағы комиссиясының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" шешімі.

29. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 88 "Кеден одағы комиссиясының кейбір шешімдеріне және Уақытша әкелінетін азаматтық жолаушылар ұшақтарының жекелеген түрлеріне қатысты Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 140 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі.

30. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2017 жылғы 10 қарашадағы № 76 "Азаматтық жолаушылар ұшақтарының жекелеген түрлеріне қатысты Кеден одағы комиссиясының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" шешімі.

31. Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 1-тармағының "л" тармақшасы (Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2017 жылғы 14 қарашадағы № 147 "Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі №375 шешіміне және Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешіміне қосымша).

32. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 109 "Уақытша әкелу (жіберу) кедендік рәсімін қолданудың кейбір мәселелері туралы" шешімі.

33. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2018 жылғы 14 қыркүйектегі № 72 "Уақытша әкелу (жіберу) кедендік рәсіміне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында уақытша болуы және пайдаланылуы кедендік әкелу баждарын, салықтарын төлемей-ақ жол берілетін тауарлар санаттарының тізбесіне өзгеріс енгізу туралы" шешімі.

34. Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 203 "Кедендік рәсімдерді қолданудың кейбір мәселелері туралы" шешімінің 1-тармағының бесінші абзацы.

35. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2019 жылғы 29 сәуірдегі " Азаматтық жолаушылар ұшақтарының жекелеген түрлеріне қатысты Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссияның кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" № 48 шешімінің 1-тармағы және 2-тармағының "б" тармақшасы.

36. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2019 жылғы 8 тамыздағы № 81 " Уақытша әкелу (жіберу) кедендік рәсіміне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында уақытша болуға және пайдалануға кедендік әкелу баждарын, салықтарын төлемей жол берілетін тауарлар санаттарының тізбесіне өзгеріс енгізу туралы" шешімі.

37. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2019 жылғы 8 тамыздағы № 83 " Уақытша әкелу (жіберу) кедендік рәсіміне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында уақытша болуға және пайдалануға кедендік әкелу баждарын, салықтарын төлемей жол берілетін тауарлар санаттарының тізбесіне өзгеріс енгізу туралы" шешімі.

38. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2019 жылғы 19 желтоқсандағы № 123 "Уақытша әкелу (жіберу) кедендік рәсіміне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында уақытша болуға және пайдалануға кедендік әкелу баждарын, салықтарын төлемей жол берілетін тауарлар санаттарының тізбесіне өзгеріс енгізу туралы" шешімі.

39. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2019 жылғы 19 желтоқсандағы № 124 "Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің төмен байытылған уран мен көліктік буып-түю контейнерлеріне қатысты кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" шешімі.

40. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2019 жылғы 19 желтоқсандағы № 125 "Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің теңіз кемелеріне қатысты кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" шешімі.

41. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 45 " Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 109 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі.

42. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2020 жылғы 23 қарашадағы № 119 "Уақытша әкелу (жіберу) кедендік рәсіміне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында уақытша болуға және пайдалануға кедендік әкелу баждарын, салықтарын төлемей жол берілетін тауарлар санаттарының тізбесіне өзгерістер енгізу туралы" шешімі.

43. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2021 жылғы 29 қаңтардағы № 2 " Уақытша әкелу (жіберу) кедендік рәсіміне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында уақытша болуға және пайдалануға кедендік әкелу баждарын, салықтарын төлемей жол берілетін тауарлар санаттарының тізбесіне өзгеріс енгізу туралы" шешімі.

44. Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2021 жылғы 6 сәуірдегі № 43 " Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" шешімі.

45. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2022 жылғы 17 наурыздағы № 42 (ҚБП) "Азаматтық жолаушылар ұшақтарының жекелеген түрлеріне қатысты Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" шешімі.

46. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 73 " Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 109 шешімінің 2-тармағына өзгеріс енгізу туралы" шешімі.

47. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 130 "Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" шешімі.

48. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 148 "Уақытша әкелу (жіберу) кедендік рәсіміне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында уақытша болуға және пайдалануға кедендік әкелу баждарын, салықтарын төлемей жол берілетін тауарлар санаттарының тізбесіне өзгеріс енгізу туралы" шешімі.

49. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 153 "Уақытша әкелу (жіберу) кедендік рәсіміне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында уақытша болуға және пайдалануға кедендік әкелу баждарын, салықтарын төлемей жол берілетін тауарлар санаттарының тізбесіне өзгеріс енгізу туралы" шешімі.

50. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2023 жылғы 15 ақпандағы № 24 "Азаматтық авиация ұшақтарына техникалық қызмет көрсетуге немесе жөндеуге арналған қозғалтқыштарға, қосалқы бөлшектер мен жабдықтарға қатысты Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" шешімі.

Уақытша әкелу (жіберу)
кедендік рәсіміне сәйкес
Еуразиялық экономикалық
одақтың кедендік аумағында
уақытша болуға және
пайдалануға кедендік әкелу
баждарын, салықтарын (осындай
уақытша болу және пайдалану

шарттары мен шекті мерзімдерін
қоса алғанда) төлемей
жіберілетін тауарлар
санаттарының және уақытша
әкелу (жіберу) кедендік
рәсімінің қолданылу мерзімі 2
жылға қарағанда неғұрлым
қысқа немесе ұзағырақ болып
табылатын тауарлар
санаттарының тізбесіне
№ 1-ҚОСЫМША

Кәсіби жабдықтар мен құралдардың тізбесі

1. Машиналарды, қондырғыларды, көлік жабдықтарын және т. б. монтаждауға, сынауға, іске қосуға, бақылауға, тексеруге, техникалық қызмет көрсетуге немесе жөндеуге арналған жабдықтар мен құралдар, оның ішінде өлшеуге, тексеруге немесе бақылауға арналған жабдықтар мен құралдар (температураны, қысымды, қашықтықты, биіктікті, бетін, жылдамдықты және т.б.), электр аспаптары (вольтметрлер, амперметрлер, өлшеу кабельдері, компараторлар, трансформаторлар, тіркеуші құрылғылар және т.б.) және қысқыш құрылғылар, монтаждау кезінде және монтаждаудан кейін машиналар мен қондырғыларды суретке түсіруге арналған аппаратура мен жабдықтарды, кемелерді техникалық бақылауға арналған аспаптар.

2. Медициналық және ветеринариялық жабдықтар, аспаптар, аппаратуралар мен құралдар.

3. Топографиялық түсіруге немесе геофизикалық барлауға арналған жабдық, оның ішінде бақылау-өлшеу аспаптары мен аппаратурасы, бұрғылау жабдығы, таратушы жабдық және байланыс жабдығы.

4. Қоршаған ортаның ластануына қарсы күрес саласындағы жабдықтар мен құралдар, оның ішінде сынамаларды іріктеу мен өңдеуге, қоршаған ортаның сапасын талдауға және бақылауға, нәтижелерді өңдеуге арналған жабдықтар мен құралдар (детекторлар, осциллографтар (осцилоскоптар), спектрометрлер (спектрофотометрлер, фотометрлер), хроматографтар, анализаторлар, иондаушы сәулелерді анықтауға және өлшеуге арналған аспаптар мен аппаратура, өлшеуге және бақылауға арналған өзге де аспаптар, аппаратуралар мен құралдар).

5. Археология, палеонтология, география, зоология және басқа да ғылымдар саласында пайдалануға қажетті жабдықтар, аспаптар, аппаратуралар мен құралдар.

6. Фотосуреттерді түсіруге қажетті жабдық (кез келген түрдегі фотоаппараттар, кассеталар, экспонометрлер, объективтер, линзалар, штативтер, аккумуляторлар, жетек белдіктері, батареяларды зарядтауға арналған құрылғылар, мониторлар, жарықтандыру жабдықтары, сәнді киімдер және манекеншілердің дәретханалық заттары және т.б.).

7. Өзге де кәсіби жабдық (дербес компьютерлер, жазу машинкалары, дыбысты және (немесе) бейнені көрсетуге, жазуға немесе жаңғыртуға арналған аппаратура, санау аспаптары мен аппараттары және т.б.).

8. Осы тізбенің 1-7-тармақтарында көрсетілген жабдықтарға арналып әзірленген немесе арнайы бейімделген көлік құралдары (жылжымалы бақылау қондырғылары, жылжымалы шеберханалар, жылжымалы зертханалар және т.б.).

Уақытша әкелу (жіберу)
кедендік рәсіміне сәйкес
Еуразиялық экономикалық
одақтың кедендік аумағында
уақытша болуға және
пайдалануға кедендік әкелу
баждарын, салықтарын (осындай
уақытша болу және пайдалану
шарттары мен шекті мерзімдерін
қоса алғанда) төлемей
жіберілетін тауарлар
санаттарының және уақытша
әкелу (жіберу) кедендік
рәсімінің қолданылу мерзімі 2
жылға қарағанда неғұрлым
қысқа немесе ұзағырақ болып
табылатын тауарлар
санаттарының тізбесіне
№ 2-ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында спорттық іс-шаралар мен конкурстарды ұйымдастыру және өткізу кезінде немесе оларға дайындық жөніндегі жаттығу іс-шараларын өткізу кезінде пайдалануға арналған тауарлардың тізбесі

1. Спорттың ойын түрлеріне арналған жабдық, оның ішінде доппен ойнауға арналған жабдық (доптар, ракеткалар, торлар, қақпа тіректері), шайбалар, воландар, биттар (оның ішінде городкилар), қалашықтар, кии және олардың жасақтаушы бөлшектері, шарлар, сырғытпа таяқтар, уақытша спорттық еден жабыны, үстел теннисіне арналған үстелдер, керлинг ойынына арналған жабдық, тіреулер (баскетболға, тенниске, бадминтонға арналған), алаңды қоршауға арналған борттар.

2. Жеңіл атлетикамен айналысуға арналған жабдықтар, оның ішінде тосқауылдар, бастапқы тіреулер, лақтыратын снарядтар, сырықтар, эстафеталық таяқшалар.

3. Қысқы спорт түрлеріне арналған жабдықтар, оның ішінде шаңғылар және шаңғы таяқтары, шаңғы роликтері, шаңғы бетін өңдеуге және майлап жағуға арналған жабдықтар, конькиді қайрауға арналған станоктар, қолғап пен конькиге арналған кептіргіштер, конькилер, шаналар, оның ішінде бобслеймен айналысуға арналған жабдықтар.

4. Спорттық киім, аяқ киім және бас киім.

5. Су спортымен айналысуға арналған жабдықтар, оның ішінде каноэ, каяктар, байдаркалар, ялдар, рафттар, желкенді кемелер, ескекпен есетін және моторлы қайықтар, желкендер, ескектер, сүйреткіш қайықтар және олардың қосалқы бөлшектері, қайықтарды тасымалдауға арналған тіркемелер және оларға арналған қосалқы бөлшектер, қайықтарды тасымалдауға арналған тіркемелер, серфинг пен виндсерфингке арналған тақталар мен желкендер, спорттық құрал-жабдықтар және су шаңғысын тебу спортының жаттығуларына арналған жабдықтар (су шаңғылары, сүйреу арқандары, тұтқалар, бекітпелер, қорғаныс жабдықтары, гидрокостюмдер және т.б.), ескекпен есу жаттығуларына арналған есу тренажері.

6. Көлік құралдары, оның ішінде жарыс автомобильдері, мотоциклдер (оның ішінде су көлігі), квадроциклдер, спорттық ұшу аппараттары, жылқыларды тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдары (оның ішінде тіркемелер), жылқыларды тіркемеде тасымалдауға арналған көлік құралдары, шаңғыларды өңдеуге және майлауға арналған жабдықтар жиынтығын орналастыруға және тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдары (вакс-машина).

7. Өртүрлі спорт түрлеріне арналған тауарлар, оның ішінде спорттық атыс қаруы, қару-жарақтың қосалқы бөлшектері мен керек-жарақтары (пневматикалық және лазерлік қаруды, шағын калибрлі патрондарды, лазерлік қаруды атуға арналған электрондық нысаналы қондырғыларды қоса алғанда), садақтар, арбалеттер және оларға арналған жебелер, моторсыз велосипедтер, семсерлесу жабдықтары, қорғаныс жабдықтары (дулыға, маска, төсбелгілер, шынтак жастықшалары, тізе жастықшалары, ауыр атлетика белдіктері, раковиналар, қалқандар, тұзақтар, пульсниктер, қолғаптар (крагтар), дауылдар, құтқару кеудешелері мен белдіктері, электронды (сенсорлық) протекторлар (жилеттер), дулығалар (сенсорлық), сенсорлық шұлықтар және т. б.), бокс қолғаптары, су астында жүзуге арналған жабдықтар (гидрокостюмдер, аквалангтар, компрессорлар, жүзгіштер және т. б.), гимнастика жаттығуларына арналған жабдықтар (спорттық гимнастика, көркем гимнастика, батутта және акробатикалық жолда секіру, акробатика, аэробика), компастар, ауыр атлетика жаттығуларына арналған жабдықтар, скейтбордтар және олардың құрамдас бөліктері мен қосалқы бөлшектері, кинологиялық спорт түрлерімен айналысуға арналған жабдықтар мен саймандар, ат спортымен шұғылдануға арналған тауарлар (спорттық жылқыларды қоса алғанда, соғу аспабы (рашпили, кенелер, соғу пышақтары, шегелер, жылқылар, штативтер, жылқыларды жылытуға арналған газ жабдықтары және т. б.), жылқыларға арналған құрал-жабдықтар (ер-тоқымдар, тізгіндер, бас киім, вальтраптар, көрпелер және т. б.), шабандозға арналған құрал-жабдықтар (етіктер, крагтар, бәтеңкелер, рединготтар, фрактар, дулыға, цилиндрлер, қорғаныс кеудешелері және т. б.), жылқыларға арналған жем, парашюттер (парапландарды қоса алғанда), планерлер, дельтапландар, альпинистік жабдықтар, спорттық қойылымдарды дыбыстық сүйемелдеу тасымалдаушылары.

8. Қосалқы жабдық, оның ішінде нәтижелерді өлшеуге және көрсетуге арналған жабдық, велостанктер, емдеу-диагностикалық мақсаттарға арналған медициналық жабдық (допинг-бақылау жүргізуге арналған жабдықты қоса алғанда), компьютерлер мен бағдарламалық қамтамасыз ету, бейнетабло және LED-панельдер, траспондерлер мен фотофиниш жүйелері, жабдық ТВ-трансляцияларға, интернет-трансляцияларға арналған жабдықтарды қоса алғанда жарыстарды ұйымдастыруға және өткізуге арналған ақпараттық және судьялық жабдық, спорттық снарядтың (доптың) ұшу жылдамдығын (қозғалысын) өлшеуге арналған, ойын снарядының (доптың) траекториясын модельдейтін бағдарламалық-ақпараттық кешендер, бейне қайталау жүйелері, трассаларды өлшеуге және орнатуға арналған аппаратура (оның ішінде лазерлік теодолиттер және оларға арналған керек-жарақтар), үздіксіз электрмен жабдықтау көздері (дизель генераторлары, бензогенераторлар), датчиктер мен талшықты-оптикалық кабельдер, розеткалар және өзге де электр жабдықтары, тасымалданатын цифрлық радиостанциялар, спорттық жылқыларды допинг-бақылау жүргізуге арналған жабдықтарды, жарысқа қатысушылардың нөмірлерін (соның ішінде велосипедтер мен дулығаларға арналған нөмірлер мен стикерлер), баннерлер мен халықаралық ұйымдардың жалауларын, ауыспалы кубоктарды (трофейлерді) қоса алғанда емдеу-диагностикалық, оңалтуға арналған ветеринариялық жабдықтар.

9. Мүгедектігі бар адамдар қатысатын спорт түрлеріне арналған жабдықтар, оның ішінде арнайы ойын арбалары, спорттық (жарыс) арбалары, белсенді кресло-арбалары (семсерлесуге арналған арбаларды қоса алғанда), велотандемдер, қайықтар (адаптивті ескекпен есуге арналған, параканоэ), лақтыру ойындарына арналған орындықтар, көрнекі іске қосу кешендері, арқамен жасалатын жаттығуды бастауға арналған платформалар, арбаларға арналған платформалар, арнайы доптар, бет пен көзді қорғауға арналған қорғаныш маскалар, арнайы мылтық-қондырғылар, арнайы шаналар (жарысқа арналған).

Уақытша әкелу (жіберу)
кедендік рәсіміне сәйкес
Еуразиялық экономикалық
одақтың кедендік аумағында
уақытша болуға және
пайдалануға кедендік әкелу
баждарын, салықтарын (осындай
уақытша болу және пайдалану
шарттары мен шекті мерзімдерін
қоса алғанда) төлемей
жіберілетін тауарлар
санаттарының және уақытша
әкелу (жіберу) кедендік
рәсімінің қолданылу мерзімі 2 жылға
қарағанда неғұрлым қысқа немесе
ұзағырақ болып табылатын тауарлар
санаттарының тізбесіне
№ 3-ҚОСЫМША

Шетелдік теңіз кемелері экипаждарының әлеуметтік-тұрмыстық өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етуге және олардың мәдениет, білім беру, демалыс, дін және спорт саласындағы қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған тауарлардың тізбесі

1. Кітаптар (оқулықтарды қоса алғанда) және өзге де баспа өнімдері, оның ішінде газеттер, журналдар және басқа да мерзімді басылымдар, брошюралар.

2. Аудиокөрнекі жабдық, оның ішінде дыбысты және (немесе) бейнені жазуға және ойнатуға арналған аппаратура, жазбасыз және (немесе) жазбасы бар дыбыс және (немесе) сурет тасымалдағыштары.

3. Спорттық жабдықтар мен спортқа арналған керек-жарақтар, соның ішінде спорттық киім, түрлі доптар, ракеткалар мен торлар, палуба ойындары, жеңіл атлетика құрал-жабдықтары, гимнастикалық жабдықтар.

4. Ойынға немесе бос уақытты өткізуге арналған жабдықтар, оның ішінде бөлмедегі ойындар, музыкалық аспаптар, әуесқой театрларға арналған жабдықтар мен керек-жарақтар, кескіндеме, мүсін, ағаш және металл жұмыстарына арналған жабдықтар және т. б.

5. Діни рәсімдерге арналған заттар.

6. Шетелдік теңіз кемелері экипаждарының бос уақытын өткізуге арналған жабдықтардың тетіктері, бөлшектері мен керек-жарақтары.

Уақытша әкелу (жіберу)
кедендік рәсіміне сәйкес
Еуразиялық экономикалық
одақтың кедендік аумағында
уақытша болуға және
пайдалануға кедендік әкелу
баждарын, салықтарын (осындай
уақытша болу және пайдалану
шарттары мен шекті мерзімдерін
қоса алғанда) төлемей
жіберілетін тауарлар
санаттарының және уақытша
әкелу (жіберу) кедендік
рәсімінің қолданылу мерзімі 2
жылға қарағанда неғұрлым
қысқа немесе ұзағырақ болып
табылатын тауарлар
санаттарының тізбесіне
№ 4-ҚОСЫМША

Кәсіби кинематографиялық жабдықтардың, баспасөзге, радио мен теледидарға арналған жабдықтардың, қосалқы құрылғылардың және көрсетілген жабдыққа арналған керек-жарақтардың тізбесі

1. Баспасөзге арналған жабдықтар мен керек-жарақтар, оның ішінде дербес компьютерлер, факсимильді аппараттар, жазу машинкалары, барлық үлгідегі

фотоаппараттар (пленкалы және электронды түрін қоса алғанда), дыбысты және (немесе) бейнені таратуға, жазбасыз және (немесе) жазбасы бар дыбыс және (немесе) бейне тасымалдағыштары, бақылау-өлшеу аппаратурасы мен құралдары (осциллографтар, аппаратураны тексеруге арналған жүйелер, мультиметрлер, вектороскоптар, бейне сигнал генераторлары және т. б.), жарықтандыру жабдықтары (прожекторлар, трансформаторлар, штативтер және т. б.), қосалқы жабдықтар мен керек-жарақтар (объективтер, штативтер, аккумуляторлар, аккумуляторды қуаттандыруға арналған құрылғылар, мониторлар және т.б.).

2. Радиохабар тарату жабдықтары мен керек-жарақтары, оның ішінде байланыс жабдықтары (радио таратқыштар, радиоқабылдағыштар, терминалдар, спутниктік байланыс желілері және т. б.), дыбысты таратуға, жазуға немесе көшірме жасауға арналған аппаратура, бақылау-өлшеу аппаратурасы мен құралдары (осциллографтар, аппаратураны тексеруге арналған жүйелер, мультиметрлер, вектороскоптар және т. б.), қосалқы жабдықтар мен керек-жарақтар (микрофондар, микшерлі пультттар, аккумуляторлар, аккумуляторларды қуаттандыруға арналған құрылғылар, жылыту, ауаны баптау және желдету жабдықтары және т.б.), жазбасыз және (немесе) жазбасы бар дыбыс тасымалдағыштар.

3. Телевизиялық жабдықтар мен керек-жарақтар, оның ішінде телекамералар, телекинопроекция қондырғылары, бақылау-өлшеу аппаратурасы мен құралдары (осциллографтар, аппаратураны тексеруге арналған жүйелер, мультиметрлер, вектороскоптар, бейнесигнал генераторлары және т. б.), таратушы және релелік аппаратура, байланыс аппаратурасы, дыбысты және (немесе) бейнені таратуға, жазуға немесе көшірме жасауға арналған аппаратура, жарықтандыру жабдықтары (прожекторлар, трансформаторлар, штативтер және т. б.), бейнемонтаж аппаратурасы, қосалқы жабдықтар мен керек-жарақтар (объективтер, штативтер, аккумуляторлар, аккумуляторларды қуаттандыруға арналған құрылғылар, ауаны жылытуға, ауаны баптауға және желдетуге арналған жабдықтар және т.б.), дыбысты және (немесе) жазбасыз және (немесе) жазбасы бар бейнені тасымалдағыштар, музыкалық аспаптар, костюмдер, декорациялар және басқа да театрлық немесе сахналық аксессуарлар, грим, шаш кептіргіштер.

4. Кинематографиялық жабдықтар мен керек-жарақтар, оның ішінде барлық үлгідегі камералар (кинокамералар мен бейнекамералар), бақылау-өлшеу аппаратурасы мен құралдары (осциллографтар, аппаратураны тексеруге арналған жүйелер, мультиметрлер, вектороскоптар, бейнесигнал генераторлары және т. б.), операторлық крандар-арбалар мен микрофондық штативтер, жарықтандыру жабдықтары (прожекторлар, трансформаторлар, штативтер және т. б.), бейнемонтаж аппаратурасы, дыбысты және (немесе) бейнені жазуға немесе көшірме жасауға арналған аппаратура, кинопроекциялық жабдық, қосалқы жабдық және керек-жарақтар (микрофондар, аккумуляторлар, аккумуляторларды қуаттандыруға арналған құрылғылар, ауаны

жылытуға, ауаны баптауға және желдетуге арналған жабдықтар және т.б.), дыбысты және (немесе) жазбасыз және (немесе) жазбасы бар бейнені тасымалдағыштар, музыкалық аспаптар, костюмдер, декорацияларды және басқа да театрлық немесе сахналық аксессуарлар, грим, шаш кептіргіштер.

5. Осы жабдықтар тізбесінің 1 - 4-тармақтарында көрсетілген жабдықтар, қосалқы құрылғылар және көрсетілген жабдыққа керек-жарақтар үшін әзірленген немесе арнайы бейімделген көлік құралдары.